ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 4 ақпан №4712-26-00-2/99 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының «Психологиялық қолдау орталығы» коммуналды мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «НАРЫМБЕТОВ» атында әрекет етуші Нарымбетов Махсетбай Хожабаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып-алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «НАРЫМБЕТОВ» атында әрекет етуші Нарымбетов Махсетбай Хожабаевич мемлекеттік сатып-алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «НАРЫМБЕТОВ» атында әрекет етуші Нарымбетов Махсетбай Хожабаевич мемлекет пайдасына 2 163 (две тысячи сто шестьдесят три) теңге мемлекеттік баж алымын төлеу шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2026, судья Бекболатов А. Т., 06.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

4712-26-3-1/10